

## **COVID-19 қарсы вакцина өндірісінің алға басуы: Санофи компаниясы шығарған коронавирусқа қарсы вакцина алты ай ішінде зертханада тестілеуден өтеді**

**Алматы – 18 наурыз 2020 ж.** – Санофи вакцина өндірісінің жаһандық бөлімшесі Санофи Пастер компаниясы тыныс алу органдарының асқынған ауруы синдромына қарсы (SARS) жасаған вакцина негізіндегі алдыңғы тәжірибені COVID-19 коронавирус індетіне қарсы вакцина жасауға қолданады. Санофи компаниясы АҚШ денсаулық сақтау мен әлеуметтік қамтамасыз ету министрлігінің қарамағындағы келешекті зерттеу мен биомедицина саласындағы өңдеу басқармасымен (BARDA) бірлесе қызмет атқарып, компания BARDA басқармасымен бұрыннан келе жатқан серіктестік қатынастарды нығайтады.

COVID-19 респираторлық дерттерге себепкер болатын коронавирус тобына жатады. 2002 жылдың аяғында тыныс алу органдарының асқынған ауруы синдромы (SARS атауымен кеңінен танымал) пайда болды және 2004 жылы бүтіндей дерлік жойылды. Санофи компаниясы COVID-19 коронавирус дертінен сақтай алатын тыныс алу органдарының асқынған ауруы синдромына (SARS) қарсы вакцинаны жетілдіру бойынша зерттеуді жалғастыруды жоспарлайды.

*«Жаңа коронавирус дерті салдарынан денсаулыққа қатысты жаһандық қауіпті жою үлкен бірлескен күшті талап етеді. Сол себептен де біз үміткер болатын вакцинаны жасау үшін BARDA басқармасымен бірлесіп қызмет етуді бастадық», - деді өз сөзінде әлем бойынша Санофи компаниясының вакциналар бөлімшесінің бизнес басшысы Дэвид Лоу (David Loew). «Біз әрқашан және әр кезде өз тәжірибемізбен бөлісіп келеміз, BARDA басқармасымен орнатқан серіктестік қатынастар бұл дерттен халықты қорғау барысында оңтайлы жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп санаймыз»*

### **Санофи компаниясы өзінің рекомбинантты технологияларының инновациялық платформасын пайдалануды көздеп отыр**

Санофи 2019 жылдың дерті саналатын коронавирусқа қарсы жаңа вакцинаны өңдеу үшін өзінің ДНҚ рекомбинанттық платформасын пайдаланатын болады. Рекомбинантты технология вирус үстінде айқындалған ақуыздармен генетикалық сәйкестікті дәл анықтауды қамтамасыз етеді. Бұл антигенді көшіретін ДНҚ жүйелілігі бакуловирусты жүйенің дәлдік ДНҚ-ымен бірлеседі. Ол Санофи компаниясының лицензияға ие тұмауға қарсы рекомбинантты дәрісінің негізі болып саналады және вирусқа қарсы тұру мен одан сақтану мақсатында жасалатын коронавирус антигенінің көп мөлшердегі жедел өндірісіне пайдаланылады.

*«2019 жылдың жаңа коронавирус секілді адамзатқа үлкен қауіп келтіретін жаһандық қатер дереу шешімді қажет етеді», - деді BARDA басқармасының директоры, медицина ғылымдарының докторы Рик А. Брайт (Rick A. Bright). «Санофи Пастер компаниясымен серіктестігімізді кеңейтіп, лицензиясы бар рекомбинантты вакцина платформасын пайдалана отырып, біз жаңа вирусқа төтеп беретін үміткер вакцинаның жедел жасалуына үміттенеміз»*

**Коронавирус вакцинасын іздеу мен жасауда Санофи компаниясының бірегей орны бар**

Жұқтырылған жануарлар үлгісінде бағаланған клиникалық емес зерттеулерде тыныс алу органдарының асқынған ауруы синдромының атипиялық пневмонияға қарсы эксперименттік вакцинасы иммуногенді болды және жұқтырудан ішінара сақтауды қамтамасыз етті. «Protein Sciences» компаниясының (Санофи компаниясы 2017 жылы сатып алған) ғылыми-зерттеу талдамасы COVID-19 коронавирусты індетіне қарсы вакцинаның шығарылуын жылдамдатады. Сондай-ақ, осы платформада лицензиялы вакцина бар болғандықтан бұл зерттеулерді тез жүргізуге және клиникалық тексерістерге арналған материалдарды өндіруге жол ашады. Санофи компаниясының платформасы өзге де эксперименталды вакциналарды көп мөлшерде өндірілуіне мүмкіндік береді.

### **Санофи компаниясының адамзат денсаулығын сақтаудағы ескіден келе жатқан бейілділігі**

BARDA басқармасымен жасалған келісім адамзат денсаулығына қауіпке қарсы күрес саласында Санофи компаниясының тұрақты қатысуының бірден бір белгісі болып табылады. Санофи әлеуетті мүмкіндіктерді белсенді түрде меңгеріп келеді. Мұның арқасында компанияның вакцина жасау мен инновациялық технологиялар саласындағы үлкен тәжірибесін коронавируспен байланысты қоғамдық денсаулық сақтау мәселелерін шешуге, сондай-ақ оның ішінде Санофи компаниясының «Эпидемияға дайындық саласындағы инновацияларды біріктіру одағы» (Coalition for Epidemic Preparedness Innovations) деп аталатын ұйыммен бірлесе вакциналарды талдау мен жасау саласындағы тәжірибе алмасуға жол береді.

Сонымен қатар, 2019 жылдың желтоқсан айында Санофи компаниясы BARDA басқармасымен АҚШ-та адъювантты рекомбинантты вакцинаның тұрақты өндірісінің ультра заманауи кешенін құру жайлы келісім жасады. Бұл вакцина тұмау пандемиясы кезінде қолданылатын болады, соның негізінде технологиялық платформа пайдаланып, COVID-19 бағдарламасы да жасалады.

#### **Sanofi туралы**

Sanofi басты мақсаты - адамдарға денсаулық сақтау мәселелері бойынша қолдау көрсету. Біз адамның денсаулығы мәселелеріне бағытталған ғаламдық биофармацевтикалық компаниямыз. Біз вакциналардың көмегімен аурулардың алдын аламыз, ауруды басып, оның азабын жеңілдету үшін инновациялық емделу әдістерін ұсынамыз. Біз сирек және созылмалы ауруларға шалдыққан жандарға қолдау көрсетеміз.

100 астам елде жұмыс істейтін 100 000 астам қызметкері бар Sanofi компаниясы ғылыми жаңалықтарды денсаулық сақтау саласында тиімді шешімдер табуға қолданады.

Sanofi, Empowering Life

#### Санофи компаниясының болжамды мәлімдемесі

Бұл баспасөз релизі 1995 жылғы «Жеке бағалы қағаздар бойынша сот ісін жүргізу реформасының» толықтырулар мен өзгерістері есепке алынған қазіргі редакциясында тұжырымдалған болжамдық мәлімдемелерді қамтиды.

Болжамдық мәлімдемелер бұл - тарихи деректерге жатпайтын мәлімдемелер. Бұндай мәлімдемелерге қаржы саласындағы болашақ нәтижелерге, оқиғаларға, іс-шараларға, қызметтерге, жаңа өнімдер мен олардың мүмкіндіктеріне қатысты болжамдық көрсеткіштер, бағамдар мен олардың негізінде жатқан болжамдар, жоспарлар, мақсат, ниет, үміттер бойынша жасалған мәлімдемелер жатады. Болжамдық мәлімдемелер көбінесе «күтілуде», «болжануда», «жорамалдануда», «көзделуде», «бағаланады», «жоспарлануда» және осы іспеттес сөздермен сүйемелденеді. Санофи басшылығы мұндай болжамдық мәлімдемелерде орын алатын жорамалдардың негізі бар деп есептегенімен, инвесторлар болжамдық ақпараттар мен мәлімдемелер әртүрлі қауіп-қатер мен белгісіздікке толы, оларды болжау қиын, көбі Санофидің құзырында еместігі және нақты нәтижелер мен зерттеулер болжанған, жобаланған, күткен мағлұматтар мен мәліметтерден айтарлықтай ерекшеленетіндігінен хабардар. Бұл қауіп-қатер мен белгісіздіктер зерттеулер мен жобаларға, келешектік клиникалық деректер мен талдауларға, оның ішінде тіркеуден кейінгі мерзімге, FDA немесе EMA сияқты рұқсат беруші мекемелердің кез-келген үміткер-өнімдер бойынша тіркелген қандай болса да дәрі-дәрмек, аспап, биологиялық қолданыстарды мақұлдау шешімдеріне, оларды қолдану нұсқаулықтары және бұндай үміткер-өнімдердің қолжетімділігі мен коммерциялық мүмкіндіктеріне әсер ететін басқа да сұрақтарына қатысты айқынысыздықтардан тұрады; үміткер өнімдер расталғаннан соң олардың коммерциялық табысты болуына кепілдік болмауы; емдеудің баламалы әдістердің коммерциялық табысы мен расталуы; ішкі нарықтың мүмкіндіктерінен пайда алу, мәмілелерді жүргізу және/немесе қадағалаушы мекемелердің келісімдері мен рұқсаттары алу жолында Санофи компаниясының қабілеті; кез келген ағымдағы соттың істі қарауы мен нақты шешіміне қатысты зияткерлік меншікке байланысты тәуекелдердің болуы; айырбастау бағамының өзгеруі мен пайыздық өсімнің басым болу тенденциясы; тұрақсыз экономиялық шарттар; шығындарды тоқтату мен олардың өзгерісі бойынша амалдардың өсері; айналымдағы және шығарылған акциялардың ортақ мөлшері; SEC және AMF көрсетілген Санофи компаниясы ұсынған құжаттардың, яғни 2018 жылдың 31 желтоқсанына 20-F нысанына сай Санофи есебінің «Тәуекел факторы» және «Болжамды мәлімдемелерге қатысты өтініштердің алдын алу арыздары» бөлімдерінде айтылған немесе көрсетілген тәуекелдері мен белгісіздігі. Санофи қолданыстағы заңнамалармен қарастырылған жағдайлардан тыс кез-келген болжамдық ақпарат пен мәлімдемелерді жаңалау немесе қайта қарауға қатысты ешқандай міндеттерді өз жауапкершілігіне алмайды.